

## Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағының 2022 жылғы құқық қорғау жұмысының қорытындысы туралы ақпарат

2019 жылғы 9 қазандағы XIV Съездің қаулысымен бекітілген Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағының (бұдан әрі – Кәсіподақ) 2019-2024 жылдарға арналған іс-шаралар бағдарламасына және Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағын дамытудың «Жаңа Қазақстан – Жаңа кәсіподақ» атты тұжырымдамасына сәйкес 2022 жылы құқық қорғау жұмыстары жүргізілді.

Мүшелік ұйымдар кәсіби заңгерлермен қамтамасыз етілген. 2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша осы санаттағы қызметкерлердің саны 2021 жылмен салыстырғанда **4** бірлікке (*Абай-1, Астана-1 және Қарағанды-2*) өсіп, **45** адамды құрады.

Қызметкерлерді қорғау бойынша негізгі жұмыстардың бірі - өтініштерді сапалы әрі жедел шешу және кеңес беру қызметтері. Кәсіподақ мүшелерінің шаралары жүргізілуде. 2022 жылы кәсіподақ мүшелерінен барлығы **37 662** (*2021 жылы 28 529*) өтініш қаралды, оның ішінде электронды поштаға түскен өтініштер де бар. Өтініштердің ең көп саны жалақыға қатысты – **16 733**, еңбек және ұжымдық шарт талаптарын орындамау бойынша – **1 059**.

Кәсіподақтың құқықтық қызметіне жүктелген негізгі міндеттердің бірі - кәсіподақ мүшелеріне тегін заң көмегін көрсету. 2022 жылы көрсетілген тегін кеңестердің жалпы саны **32 399**-ды құрап, 2021 жылмен салыстырғанда **53%**-ға өсті. Бейне байланыс арқылы топтық кеңес беру сияқты жұмыс түрі кеңінен қолданылуда.

Кәсіподақ заңгерлері келісу комиссияларында – **394**, соттарда – **33** жеке еңбек дауларын қарауда қызметкерлерге құқықтық көмек көрсетті.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі кәсіподақтарға еңбек заңнамасының сақталуына қоғамдық бақылауды жүзеге асыру құқығын береді.

Қоғамдық бақылау құқықтық қорғаудың ең тиімді және маңызды түрі болып қала береді. Өткен 2022 жылы жұмыс берушілердің еңбек заңнамасын орындауына қоғамдық бақылау шеңберінде **2 358** тексеру жүргізілді, бұл өткен жылмен салыстырғанда **618** тексеруге өсті. Тексеру барысында **4 509** еңбек заңнамасын бұзу фактісі анықталды. Оның ішінде: **1425** – еңбекақы төлеу, **1237** – еңбек қатынастарын ресімдеу және **448** – жұмыс уақыты мен демалыс уақыты. Мүшелік ұйымдардың құқықтық еңбек инспекторларының және Орталық Комитеттің көмегімен жұмыстан заңсыз босатылған 17 жұмысшы жұмысқа қайта алынды.

Анықталған ең көп бұзушылықтар: жалақы бойынша – 31,6% және еңбек қатынастарын ресімдеу – 27,4% (анықталған бұзушылықтардың жалпы санынан). Құқық қорғау қызметін талдау барысында жекелеген өңірлерде қоғамдық бақылауды жүзеге асыру бойынша жұмыстардың жанданғаны

байқалды. Ақмола (180/76 тексеру), Жамбыл (661/336) Атырау (105/87), Павлодар (206/73) облыстық ұйымдарында, Астана қаласының (64/17) және Ұстаз (16/3) ұйымдарында тексерулер саны айтарлықтай өсті.

Қоғамдық бақылауды ең көп жүргізу бойынша келесі ұйымдар құрайды: Жамбыл – **79,7%** (661/829), Ақтөбе – **42,1%** (255/606), Қарағанды – **41,5%** (201/484), Ұлытау – **40,1%** (93/232), Павлодар – **35,2%** (206/585) облыстары.

Есептерген сәйкес Қостанай (-1%), Абай, Жетісу, Түркістан (-5%) облыстарының ұйымдарында және Алматы қалалық «Ұстаз» ұйымында (-3%) қоғамдық бақылауды жүргізу көлемі төмен деңгейде қалып отырғанын атап өту қажет.

Жоғарыда келтірілген деректер жекелеген мүшелік ұйымдардың сала қызметкерлерінің еңбек құқықтарының бұзылуының алдын алу және жолын кесу үшін еңбек заңнамасының сақталуына қоғамдық бақылауды жүзеге асыру құқығын толық пайдаланбайтынын көрсетеді.

Заң қызметінің тиімділігін сипаттайтын негізгі сапалық көрсеткіштердің бірі кәсіподақ мүшелерінен заңсыз ұсталған немесе төленбеген қаржыны қайтару болып табылады. Кәсіподақ мүшелерінен заңсыз ұсталған немесе оларға төленбей, қайтарылған қаражаттың жалпы сомасы есеп беру кезеңінде **1 177 021 269 теңгені** құрады.

Жұмыскерлерге қайтарылған қаржының жоғары көлемі келесі облыстарда: Жамбыл – **333 115 650 теңге** немесе 28,3 %, Павлодар – **323 754 023 теңге** немесе 27,5 %, Ақмола – **71 412 434 теңге** немесе 6,07 %, Қызылорда – **62 107 000 теңге** немесе 5,7%.

Жұмыс жасайтын 1 кәсіподақ мүшесіне есеп беру кезеңінде жалпы экономикалық тиімділік 2 223,5 теңгені құрады. Өңірлер бойынша ең жоғары нәтиже келесі облыстық ұйымдарда болды: Павлодар – **9 306** теңге, Маңғыстау – **5 590** теңге және Жамбыл – **5 227** теңге.

Құқықтық қызметі жұмысының жалпы экономикалық тиімділігі **1 435 307 964 теңгені** құрады

Барлық деңгейдегі кәсіподақ органдары өз өкілеттіктері шегінде заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге заң және нормативтік құқықтық актілердің жобаларына ұсыныстар мен толықтырулар енгізу арқылы қатысады. Осы функцияны жүзеге асыра отырып, кәсіподақ органдары саланың белгілі бір нормативтік құқықтық актісі бойынша дәлелді пікір қалыптастыра отырып, Кәсіподақ мүшелерін қорғау мақсатында оның мәні бойынша сараптама және терең талдау жүргізеді.

2022 жылы Кәсіподақтар федерациясының жұмыс тобының құрамында және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің алаңында кәсіподақ заңгерлері ҚР Әлеуметтік кодексі, Қазақстан Республикасының «Еңбек мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы», «Кәсіптік біліктілік туралы» заңдарының жобаларымен жұмыс жасады.

Кәсіподақ өкілдерінің ұсыныстарын ескере отырып толықтырылды, сонымен қатар «Мемлекеттік ұйымдар Педагогтарының жалақысын есептеу

қағидалары», «Педагогтарды аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары», «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидалары», «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын ротациялауды жүргізу қағидалары» сияқты заңға тәуелді салалық нормативтік құқықтық актілер қайта қабылданды.

Осы құжаттармен жұмыс істеуге қатысу арқылы қызметкерлердің мүдделерін қорғау тұрғысынан алға қойылған мақсаттарға ішінара қол жеткізілді. Қазіргі уақытта қабылданған нормативтік құқықтық актілерді талдау бойынша Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі жанындағы жұмыс тобына ұсыныстар дайындалуда.

Кәсіподақ белсенділерін, жұмыс берушілер өкілдерін және басқа да санаттағы тыңдаушыларды құқықтық оқыту - жұмысшылардың құқықтарын бұзудың алдын алу бойынша профилактикалық жұмыстардың құрамдас бөлігі болып табылады.

Құқықтық қызмет кәсіподақ оқуларын жүйелі түрде жүргізуде. Құқықтық тақырыптар кәсіподақ оқуының және өткізілетін семинарлардың оқу жоспарларында бекітілген. Кадр қызметкерлерін, келісу комиссияларының мүшелерін және т.б. мақсатты оқыту бағыттары дамып келеді.

Кәсіподақтың заң қызметінің жұмыс жоспарына сәйкес әлеуметтік әріптестік аясында әлеуметтік әріптестер – Оқу-ағарту министрлігі, Ғылым және жоғары білім министрлігі, білім басқармалары мамандарымен бірлесіп көшпелі іс-сапарлар бойынша аймақтарға, сонымен қатар ZOOM платформасында онлайн семинарлар өткізілуде. Еңбек заңнамасының негіздерін түсіндіру, келіссөздер жүргізу дағдыларын дамыту және еңбек шиеленістерінде келісімге қол жеткізу үшін кәсіподақ мүшелеріне, келісу комиссияларының мүшелеріне және жұмыс берушілерге арналған онлайн семинарлар, вебинарлар және тренингтер сериясы өткізілді:

2022 жылдың бірінші тоқсанында 3105 адам оқудан өтті, оның ішінде:

- Ақмола облысы - 1500 адам (қаңтар);

- Маңғыстау, Түркістан, Атырау және Батыс Қазақстан облыстары – 620 адам (ақпан);

- Жамбыл, Солтүстік Қазақстан, Қарағанды, Түркістан және Қостанай облыстары – 985 адам (наурыз);

2022 жылдың екінші тоқсанында 3360 адам оқудан өтті, оның ішінде:

- Астана қаласы, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Павлодар облыстары – 1955 адам (сәуір);

- Жамбыл, Маңғыстау, Түркістан облыстары, Алматы қаласы – 820 адам (мамыр);

- Алматы қаласы, Түркістан облысы – 585 адам (маусым).

2022 жылдың үшінші тоқсанында 1530 адам оқудан өтті, оның ішінде:

- Қарағанды, Қызылорда, Ұлытау облыстары – 650 адам (тамыз);

- Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда, Солтүстік Қазақстан, Павлодар облыстары – 880 адам (қыркүйек);

2022 жылдың төртінші тоқсанында 2150 адам оқудан өтті, оның ішінде:

- Ақтөбе, Атырау, Жамбыл, Жетісу, Павлодар облыстары – 478 адам (қазан);

- Жамбыл, Қостанай, Қызылорда, Павлодар облыстары – 1380 адам (қараша);

- Астана, Алматы, Шымкент қалалары – 292 адам (желтоқсан).

Барлық деңгейдегі кәсіподақ органдары жұмыс берушілер өкілдерін еңбек заңнамасының, кәсіподақтар туралы заңнаманың негіздеріне оқыту бойынша белсенді жұмыс жүргізуде.

Кәсіподақ органдары қызметкерлер мен жұмыс берушілерге арналған еңбек заңнамасының негіздерін түсіндіру, келіссөздер жүргізу дағдыларын дамыту және еңбек шиеленістерінде келісімге қол жеткізу мақсатында **720** бірлескен семинарлар мен тренингтер өткізді. Оқытумен **10 145** адам қамтылды.

Жүйелі негізде Жамбыл, Павлодар, Батыс Қазақстан, Түркістан облыстарында, Астана, Шымкент қалаларында басшыларға еңбек және салалық заңнама негіздеріне оқыту жүргізіледі. Орталық Комитет пен мүшелік ұйымдардың кәсіподақ заңгерлері құқықтық мәселелер бойынша **128** әдістемелік ұсыныс әзірледі. «Білім беру саласындағы қызметкерлерге еңбекақы төлеу жүйесі», «Халықтың декреттелген тобындағы адамдарды гигиеналық оқыту және өткізу тәртібі», «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы», «Білім беру ұйымдары үшін еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша әдістемелік ұсыныстар», Ақпараттық бюллетеньдер: №1. «Мектепке дейінгі білім беру ұйымы қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтары», №2. «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтары», №3. «Қосымша білім беру ұйымдары қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтары», №4. «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтары» сияқты әдістемелік құралдар мен ұсыныстар үлкен қызығушылық тудырды.

Есеп беру кезеңінде 26-27 сәуірде Орталық Комитет «Сала қызметкерлерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау бойынша заң қызметінің өзекті мәселелері» тақырыбында семинар-кеңес өткізді.

Семинар-кеңеске еліміздің барлық өңірлерінен Кәсіподақтың мүшелік ұйымдарының заң қызметкерлері мен техникалық инспекторлары, сондай-ақ әлеуметтік әріптестер – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің өкілдері, Педагогикалық кадрлармен жұмыс басқармасының, Қаржы және бюджеттік жоспарлау басқармасының бас сарапшылары қатысты.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің өкілдерімен білім саласындағы нормативтік құқықтық актілер, оларға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар талқыланды. Талқылау барысында кәсіподақтың заң қызметінің мамандары министрлік өкілдерінен педагогтарды аттестаттау, білім беру ұйымдарының басшыларын ротациялау, еңбекақы төлеу және т.б. сұрақтарына жауап алды.

Қызметтің әртүрлі салаларындағы өндірістегі жазатайым оқиғаларды тексеру бойынша тәжірибелік жұмыстар қаралды.

Семинар қорытындысы бойынша Кәсіподақтың заң қызметінің өзекті мәселелері бойынша материалдар жинағы шығарылды. Жинақта Кәсіподақтың заң қызметінің өзекті мәселелері бойынша сала қызметкерлерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау бойынша республикалық семинарға қатысушылардың материалдары мен фотосуреттері жинақталған.

**Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім  
қызметкерлерінің салалық кәсіподағының  
Орталық комитетінің Құқықтық жұмыс, еңбек қауіпсіздігі  
және еңбекті қорғау бөлімі**